

Аңдатпа

Бұл диплом жұмысының негізі iOS және Android платформасында автокөлік жөндеушілер мен автокөлік иелеріне қызмет көрсету саласында автоматтандырылған мобильді қосымшаны әзірлеу болып табылады. Жобаның құрылымы қосымша архитектурасымен қатар функционалды және функционалды емес пайдаланушы талаптарын қанағаттандыратын қосымша-қызметті жобалау үшін жасалды. Қолдану жағдайларының тізбесі көмегімен шағын жұмыс өнімі әзірленіп, жүргізушілер мен шеберлер арасында дайын прототиппен ыңғайлылық бойынша тестілеу өткізілді. Тестілеу нәтижелері мобильдік қосымшаның тиімділігін және сенімділігін автокөліктерді жөндеуге және техникалық қызмет көрсету бойынша автокөлік орталықтарын, қосалқы бөлшектерді және басқа көлік қызметтерді тез және сенімді түрде іздеуді қалайтын барлық жүргізушілер арасында көрсетеді.